


Р 2008

580к



Мағжан
Жұмабаев

БАТЫР
БАЯН



1893-1937

**БАТЫР
БАЯН**



ББК 84 Каз 7-5
Ж. 87

Жұмабаев М.
Ж. 87 Батыр Баян. Астана. Елорда, 1998.

Құрастырган Ерік Аскаров.

**Ж 4702250202-03
450 (05) - 98**

ББК 84 каз. 7-5

ISBN 5-7667-6497-9

БАСПАДАН:

Астанада ашылған "Елорда" баспасынан "Қазақ поэзиясының алтын қоры" айдарымен шығып отырған бұл алғашқы кітап. Сондай-ақ, алдағы уақытта "Қазақ прозасының алтын қоры", "Қазақ балалар әдебиетінің алтын қоры", "Қазақ сынының алтын қоры" көптөмдықтарын шығару да жоспарымызда бар. "Алтын қорларға..." енетін шығармаларды екшеу үшін жазушылар мен ғалымдардан құралған арнайы алқа жұмыс істейді. "Казахстанские мастера слова" айдарымен бір топ қазақстандық орыс және орыс тілді қазақ жазушыларының шығармалары да жарық көрмекші. "Аманат" айдарымен бұл күнде арамызда жоқ көптеген қаламгерлеріміздің әдеби мұрасы өз оқырмандарымен қауышады.

Баспа жоспарындағы шығармалардың қай-қайсы да кезінде оқырман қауымды сүйсіндіріп, бұл күнде негізінен библиографиялық тапшылыққа айналған күнды да зәру дүниелер.

Аталған айдарлармен белгілі қаламгерлеріміздің кезінде замана саясатына сай келмей, советтік цензураның кайшысына іліккен еркін ойлы шығармалары да жарық көрмекші. Бұл орайда К. Бекхожинның "Батыр Науан", "Мэриям Жагор қызы" (алғашқы нұсқасы), Ж.Сыздықовтың "Әлі қарттың әңгімесі" т.б. шығармалар бар. С.Мұқанов қаламынан туған "Мөлдір махабаттың" түп негізі "Адасқандар" романымен жүздесу де оқырман қауымға қызғылықты болар дейміз.

"Қазақ поэзиясының алтын қоры" айдарының алғашкы қарлығашы - Мағжан Жұмабаевтың "Батыр Баян" кітабына келсек, мұнда да көптеген толықтырулар бар. Солар жөнінде оқырмандарға түсінік бере кетуді жөн санап отырмыз.

Мағжан Жұмабаев алғаш рет 1960 жылы Хамза Абдүллин үйімдастырған арыз бойынша ақталған болатын. Алайда "бұл азаматтық ақталу" деген желеумен ақын шыгармаларын жарыққа шығартпаушылар табылған. Мағжан екінші рет 1989 жылы ақталды. Содан бері ақынның үштөрт кітабы жарық көрді. Бірақ толық емес. "Елорда" баспасы шығарып отырган "Батыр Баян" кітабы да ақын жырларын "Алтын қор" талаптарына орай түгел камтымайды. Алайда соңғы жылдары шыққан ешбір кітабына енбеген көптеген жырлары мен "Оқжетпестің қиясында" поэмасы алғаш рет жарияланып отыр. 1989 жылы "Жазушы" баспасы шығарған жинакта "Койлыбайдың қобызы" поэмасының өткен ғасырдағы батыр, би, бақсыларды дәріптейтін соңғы бөлігі орынсыз қыскартылып кеткен.

Мағжан - қазақ халқының ғана емес, исі түркі дүниесінің ұлы дауылпазы. Оның ашық түрікшілді үрандағы жырларын кезінде бастырушилар цензурадан өткізе алмаған болуы керек. Солардың қатарында "Орал", "Жер жүзін топан болса екен" өлеңдері осы кітапта тұңғыш рет жарияланып отыр.

"Ақсак ақынға" атты өлеңін кезінде аяулы азамат, марқұм Жәнібек Кәрменов ел аузынан жинап өкен, құрастырушуға тапсырған болатын.

"Орамал" мен "Батқан күн, атқан таңның жыры" ғашық жандардың бір-біріне жазыскан хаты іспетті тұтас дүние.

Ақын жинактарынан орынсыз шеттетілген өлеңдердің бірі "Жоғалған алтын".

Бұл жинакқа М.Жұмабаевтың уақыт талабынан тұған үгіт-насихат үлгідегі кей жырларын енгізуді жөн деп таппадық "Қазақ поэзиясының алтын қорына" қосылатын "Батыр Баян" кітабында ұлы ақынның "Бұл ғасырдың шегінен асатын..."(М.Әузев) ұлы жырлары жарияланып отыр.

АҚСАҚ ТЕМІР СӨЗІ

Жаһан деген не нәрсе? -
Алаканның ауданы.
Бір ауданда көп тәнірі
Болудың тіпті жоқ сәні.

Көк тәнірісі - тәнірі -
Билесін көгін, күніренсін.
Жер тәнірісі Темірмін,
Жеріме тәнірім тимесін.

Көк тәнірісі тәнірінің
Тұқымы жоқ, заты жоқ.
Жер тәнірісі Темірдің
Тұқымы - түрік, заты-от!

АТАҚТЫ АҚЫН, СӨЗІ АЛТЫН, ХАКІМ АБАЙҒА

Шын хакім, сөзің асыл - баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсө дәмі кетпес.
Карадан хакім болған сендей жанды
Дүние қолын жайып енді күтпес.
Сөзіңде құлақ салып, баға бермей,
Қисайып қыңырайды жүртың ниеттес!
Бұртиып, теріс қарап: "Аулақ жүр!" - деп,
Болды ғой жақын, туған бәрі кектес,
Тыныш үйікта қабірінде, уайым жеме:
"Кор болды қайран сөзім босқа!" - деме,
Артында қазактың жас балалары
Сөзінді көсем қыльып жүрер жеке!

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар,
Көз ашып, жүртың ояу болған сайын
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар,
Жүрген жанның артында ізі қалар,
Етікші өлсе балға мен бізі қалар
Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,
Шешен өлсе, артында сөзі қалар!
Сүм дүние сылаң беріп көптен өтер,
Сау қалғанның көбісі ертең бітер.
Тоқтамас дүниенің дәңгелегі,
Шешеннің айтқан сөзі көпке кетер.

ГҮЛСІМГЕ

Жұмактағы жібек желден,
Мәңгі жайнап түрған гүлден
Жаратылған әйел сұлу!

Тұрмыс деген бір тұзакқа,
Азға емес, тым ұзакқа
Кез болыпты - ішіпті у.

Әйел атын Гүлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді,

Жұмактағы кәусар судан,
Бетіндегі алтын будан,
Періштелердің жырынан,
Жұмак сұы сылдырынан,
Жапырағының сыбдырынан
Тәнірінің дәл өз нұрынан
Жаратылған періште еді,
Мекені оның ғарышта еді,

Алмас қанат періште еді,
Мекені оның ғарышта еді,
Жерді көрді қанға батқан;
Жүргіне қаңжар кіріп,
Жапан тұзде андай ұлып,
Елді көрді зарлап жатқан.
Елді көрді - жерге тұсті,
Жерге тұсті - көрге тұсті,

Еді көрді - жерге тұсті,
Қакты қанат, кезді, ұшты,
Кім зарласа, соны сүйді,

Күлгөнменен бірге құліп,
Өлгөнменен бірге өліп,
Күйгөнменен бірге күйді.
Жабыққанға жәрдем етті,
Кара да, ақ та теңіз өтті.
Алдан меруерт көбік шашар,
"Кел, - деп - бері!" - қойнын ашар,
Тұрмыс - теңіз бір тұңғиық.
Теңізге кім басар қадам,
Басса басар оған адам,
Жанын сатып, жанын қызып!
Тұрмыс - теңіз, сылқ-сылқ күлді,
Сұлу суға кірді де өлді,

Өлді сұлу - өтті жылдар,
Өлді сұлу - бітті жырлар,
Жалғыз ерте кешкі таңмен
Қанды жерге көзін салып,
Көкті ойлап күйіп-жанып,
Коңырлатқан мұнды әнмен
Үшады екен канат қағып,
Көзінен ыстық жасы тамып.

Жан толқытар жыр іздеген,
Әдемілік нұр іздеген,
Киял құлы - мен бір ақын.
Тұрмыста тар тайғақ жолға
Түсіп келе жатып зорға,
Күні кеше кешке жақын
Батқан күннің таңып көрдім,
Сол сұлудың жанын көрдім.

Күні кеше жанның жырын,
Жұзіндегі жұмак нұрын
Естіп, көріп, елжіредім.
Жан жүргеім, қолым беріп,
Кан аралас жасым тәгіп:
"Жолым баста, келші!" -
Қайырылып та қарамады,
Жас жүрегім жарапады...

"Мен бір жанмын өлген" - деді,
"Періштелер көмген!" - деді,
Бір карады, кете барды.
Жұзіндегі жұмак нұры,
Аузындағы мұнды жары
Жүрегіме сініп қалды.

Жүрегімнен кетпес бұл жыр,
Құбылса да мыңға өмір.

Періштелер лебізінен,
Шын махаббат теңізінен
Жаратылған әйел сұлу!
Тұрмыс деген бір тұзакқа,
Азға емес, тым ұзакқа
Кез болыпты - ішіпті у!
Әйел атын Гұлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді...

ОТ

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.

Күнге ғана бағынам.

Өзім - күнмін. ұзім - от,
Сөзім, қысық көзімде - от,

Өзіме-өзім табынам.

Жерде жалғыз тәңірі - от.

Оттан басқа тәңірі жоқ.

Жалынмен жұмсақ сүйеді -
Сүйген нәрсе күйеді.

Жымыш өзі жорғалар.

Ушырағанды шоқ қылар,
Шоқ қылар да, жоқ қылар;

Мұның аты От болар.

Мен де отпын - мен жанам,
От - сен, тәңірім, табынам.

Әдемі отпен аспаның,
Бәрі жасық басканың.
Жалын жұтам - тез тоям.

Әулием, ием, құтыма,
Тенсіз тәңірім отыма
Әлсін-әлсін май құям,
Май құямын - өрлейді.
Құлашын көкке сермейді.

Кейде жылан арбайтын,
Кейде аждаһа жалмайтын.

Сескенбес, сірә, кім сенен
Шынында, менің өзім де - от,

Кысылған қара көзім де - от.
Мен - оттанмын, от - менен,
Жалынмын мен, жанамын.
Оттан туған баламын.

Караңғылық бүккәнда,
Кызырып күн шықканда,
Күн отынан туғанмын.
Жүргімді, жанымды,
Иманымды, арымда
Жалынменен жуғанмын.
Жүргім де, жаным да - от,
Иманым да, арым да - от.

Жарқырап от боп туғаннан,
Белімді бекем буғаннан,
Караңғылық - дұшпаным.
Сол жауызды жоюға,
Соқыр көзін оюға
Талай заулап үшқанмын,
Әлпіге¹ барғам Алатайдан.
Балқанға барғам Қытайдан...

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнгө ғана бағынам.
Өзім- күнмін, өзім - от,
Сөзім, қысық көзім де - от.
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз тәңірі - от,
Оттан басқа тәңірі жок.

¹ Альпі - асқар таудың аты. (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

ПАЙҒАМБАР

Устремляя наши очи
На бледнеющий Восток,
Дети скорби, дети ночи,
Ждем, не придет ли наш Пророк.

Мережковский

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Күні батып, таңы жаңа атпаған.
Тұнеріп жүр түннен туған перілер,
Тәңірсін табанына таптаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған,
Тұн баласы тәңірісін өлтіріп,
Табынатын басқа тәңірі таппаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақпаған.
Білген емес иман деген не нәрсе,
"Карын" деген сөзді ғана жаттаған,

Тұн бал асы... Тұн жолына түскен ол,
Сақаусың деп Мұса тілін кескен ол.
Теңірінің сүйікті ұлы Айсаның
Тітіркенбей ұрттап қанын ішкен ол...

Тұн баласы тұнерген тұн жамылған,
Аллаға емес, әзәзілге табынған.
Інжілді өртеп. табанға сап құранды,
Әділдікті күткен ессіз қарынан.

Тұн баласы өмірінде араз таңменен,
Қабыл ұлы ауызданған қанменен.
Табынатын күр денеге жануар,
Болған емес жұмысы оның жанменен.

Төгілмей ме кемерінен асқан су,
Өлтірмей ме жайылған соң күшті у.
Тұн баласы тұнеріп түр өлгелі,
Көзінді сал - күнбатыста қанды шу;

Көзге тұртсе көрінбейтін қара тұн,
Күнірене ме, құле ме әлде, әлдекім?
Жылайды да, шулайды да ұлиды,
Бұл кім? Бұл ма - тұн баласы түссіз жын.

Кап-қара тұн, Тұн баласы күніренед,
Күніренумен бір-біріне ұн беред.
Сөгінеді, сүрінеді, жығылад,
Қара тұнде көр көзімен не көред?!

Кап-қара тұн. Шегір көзді жындар жүр.
Кап-қара тұн. Қайғы мен қан ойнап тұр.
Кайғы менен қара қанға тұншығып,
Тұн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.

Кап-қара тұн. Уақыт ауыр өтеді,
Ой артынан ойлар келіп кетеді.
Тұн баласы көр көзінен жас төгіп,
Күншығыстан бір пайғамбар күтеді...

Ерте күнде отты Күннен Гун¹ туған,
Отты Гуннен от бол ойнап мен туғам,

¹ Гун - түріктің арғы атасы. (М. Жұмабаев ескертпесі).

Жүзімді де, қысық қара көзімді
Туа сала жалынменен мен жуғам.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен - Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем
Күннен туған, гүннен туған пайғамбар.

Соқыр сорлы көрмей ме әлде козің көр?
Күншығыстан таң келеді, енді көр.
Таң келеді, мен келемін - пайғамбар,
Күт сен мені, "лахаулаңды" оқи бер.

Күншығыстан таң келеді - мен келем,
Көк күңіренед: мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!

Кап-қара тұн. Кайғылы ауыр жер жыры,
Қап-қара тұн. Күніренеді тұн ұлы.
Күншығыста ак алтын бір сзық бар:
Мен келемін, мен пайғамбар - Күн ұлы.

КҮНШЫҒЫС

Қысық көзді Күншығыс,
Бұл тұруың қай тұрыс?

Серпіл енді, алыбым!

Күнірентіп жерді ыңыраншы.

Күнбатысқа көз салшы,

Кордің бе қанның жалынын?

Күнбатысты шаң басқан,

Шаң емес, қара қан басқан.

Тарсыл-күрсіл, қанды атыс.

Көп білем деп бөлуге,

Көп күлем деп өлуге

Жақын қалды Күнбатыс.

Дария еді ол өкірген,

Шапшып кокке лепірген,

Жемірілді кемері.

Өлгелі жатқан құрт ауру,

Жан-жакқа сүзіп коз салу -

Қолынан енді келері.

Ібіліске ерген есерлер,

Өзімшіл кеуде кеселдер

Тұншықсын, қанға боялсын.

Оның олген үнімен,

Канды батқан күнімен,

Күншығысым оянсын!

Қысық көзді Күншығыс.

Болсын соңғы бұл жүріс.

Күнбатысқа жүрелік,

Желкілдеген туменен,

Жер күніреткен шуменен

Каласына кірелік.

Күл қылаиық қаласын,
Күл қылайық баласын.

Жок, жок! Ашу басалық!

Гүл қылайық қаласын,
Үл қылайық баласын,

Мейірім есігін ашалық.

Мұндарларды адасқан,
Айрылым естен шатасқан

Күншығыстың жолына

Салайық, шетсің демейік,
Аямайық, көмейік

Күншығыстың нұрына...

Терен теніз тебіренді,
Күншығысым күніренді.

Қырағы көзім көреді:

Желкілдеген туменен,
Жер күніренткен шуменен

Кара бұлт каптап келеді.

Әй, сен, кесел Күнбатыс!

Бұл жатуың қай жатыс,

Жоғал жылдам жолымнан!

Болмаса қорықсан өлімнен,

Үмітің болса өмірден,

Үста менің қолымнан!

АЛЫСТАҒЫ БАУЫРЫМА

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Куарған бойшешектей кепкен бауырым.
Камаған қалың жаудың ортасында
Көл қылыш көздің жасын төккен бауырым.

Алдыңды ауыр қайғы жапкан бауырым,
Өміріңше жапа шеккен жаттан бауырым.
Тұксиген, жүрегі тас жауыз жандар
Тірідей терің тонап жатқан бауырым.

Япым-ай, емес пе еді алтын Алтай
Анамыз бізді тапқан, асау тайдай?
Бауырында жүрмеп пе едік сальш ойнак,
Жүзіміз емес пе еді жарқын Айдай?!

Алалы алтын сака атыспап па ек,
Тебісіп бір төсекте жатыспап па ек?
Алтайдай анамыздың ак сүтінен
Бірге еміп, бірге дәмін татыспап па ек?

Тұрмап па ед біздің үшін молдір бұлак,
Сылдырап, **сылқ-сылқ** күліп, таудан күлап?
Даяр бол үшқан **құстай** соққан **құйын**,
Тілесек бір-бір тұлпар бейне пырак!

Алтайдың алтын күні еркелетіп,
Келгенде жолбарыс бол, жаңа ер жетіп.
Ақ теңіз, **Қара** теңіз ар жағына,
Бауырым, мені тастап, қалдың кетіп!

Мен қалдым - жас балапан қанат қақпай,
Үшам деп ұмтылсам да дамыл таппай.
Жон сілтер, жол корсетер жан болмады,
Жауыз жау қойсын ба енді мені атпай?!

Корғасын жас жүрекке оғы батты,
Күнәсіз таза қаным судай акты.
Қансырап, әлім құрып, естен тандым,
Қараңғы абактыға берік жапты...

Кормеймін кеше жүрген қыр-сайды да,
Күндіз - Күн, тұнде - күміс нұрлы Айды да!
Ардақтап, шын жібектей арайға орап,
Өсірген алтын анам Алтайды да.

Япырм-ай, айрылдық па калың топтан,
Шабылып қайтпайтұғын жауған өқтән?!

Түріктің жолбарыстай жүрегінен,
Шынымен қорқақ құл боп жаудан бұққан?!

Шарқұрып ерікке ұмтылған түрік жаны
Шынымен, ауырды ма, бітіп халы?!

От соніп жүректегі, құрыды ма
Қайнаған тамырдағы ата қаны?!

Бауырым! Сен о жакта, мен бұ **жакта**,
Кайғыдан қан жұтамыз. Біздің атка
Лайық па құл боп түру? Жүр , кетелік
Алтайға, ата мирас алтын **такқа**.

ТЕЗ БАРАМ

Қыранымын сары сайран даланың,
Қос қанатым - алтын Алтай, Оралым.
Еркін дала ардақтысы, еркесі,
Бетім қайтпай өскен батыр баламын.

Асқан алып - ата затым сұрасаң,
Асқан дана - ана затым сұрасаң.
Шашып жалын жас жолбарыс үмтүлса,
Корқақ құлдар, қалай қарсы тұрасың?!

Тұлпар мініп, туды қолға алайын,
Суырып қылыш қан майданға барайын.
Жердің жүзі кім екенім танысын
Жас бөрідей біраз ойын салайын.

Тірілтейін алып атам аруағын,
Тазартайын Сарыарқамның топырағын.
Жан-жағына тегіс билік жүргізіп,
Кемеліне келсін кейінгі үрпағым.

Дүғада бол, алтын Алтай - қарт анам,
Альп ата, куды жолың ер балаң.
Ақ шашынды, көкірегінді иіскеуге,
Тәнір жазса, сәuletпенен тез барам.

ЖАРАЛЫ ЖАН

Сар дала, бей не өлік сұлап жатқан,
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,
Сөүле емес, қан шашып тұр күні батқан.

Жалқау жел өзін-өзі зорға сүйреп,
Жан-жакта жүргендей-ақ жындар билеп.
Ың-жың дауыс келеді кұлағыма,
Перілер ән салысып, тұр ма күйлеп?

Жаралы бір жан жатыр куба жонда,
Бір қисық жалғыз аяқ сүрлеу жолда.
Пернесі, нұры кеткен көзіменен,
Қарайды бейшара жан он мен солға.

Қысылған сорлы адамның шыбын жаны,
Шапшып тұр, жүрегінен ыстық қаны.
Ішті өртеп, жүректі де елжіреткен,
Күніреніп сол сорлының сарнағаны:

"Ойпырым-ай, алла-ай, жасаған,
Қысылды ғой шыбын жан!
Куат кеміп барады,
Коп болды мынау акқан қан.

Тәнірі, озіңе жылайын,
Хал жоқ, қалай тұрайын?
Жүректі жара жеп барад,
Жасаған-ау, қалай шыдайын?!

Соқпа, сорлы жүрегім,
Шірі енді, ақ білегім!
Мынау қарға, құзғынның
Бердің-ау, тәнірім, тілегін!

Сауықшыл есіл елім-ай,
Сарыарқа сайран жерім-ай!
Күмістей таза сұы бар,
Айдын шалқар көлім-ай!

Сол жерде ойнап жүре алмай,
Сауық-сайран құра алмай,
Қарғаға құзғын жем болып,
Калғаным ба, бір алла-ай?!

Қиналдың-ау, шыбын жан,
Тоқталсайшы, ыстық қан!
Зарлайсың ғой жетім боп,
Бесікте қалған балапан!

Кара шаш қайран жарым-ай,
Қарашығым, жаным-ай!
Құлағыма келеді
Алыстан ащы зарың-ай!

Қиналдың-ау, шыбын жан,
Тоқталсайшы, ыстық қан!
Тұлпарға мініп бір шапсам,
Болмас еді басқа арман!

Хал жок, калай тұрайын?
Тәнірі, өзіңе жылайын.

Жүректі жара жеп барад,
Жасаған-ау, қалай шыдайын!

Тұсті қысым жаныма,
Тұншықтым ғой қаныма!
Ием болсан, жаратқан,
Салсайшы құлақ зарыма!

Күштің ғой құдірет,
Періштеңе әмір ет!
Қанатпен бір сипасын,
Жазылсын ішкі-тыскы дер.

Өмірді маған көп көрсөң,
Лағнет деп мені жек көрсөң.
Өлейін тез, өлейін,
Келсін ібіліс, у берсін!

Тұсірме қысым жаныма,
Тұншықтым ғой қаныма!
Ием болсан, жаратқан,
Салсайшы құлақ зарыма...

Берді тәңірім тілегім,
Қуан енді, жүрегім!
Не періште, не ібіліс,
Келеді ұшып - керегім!...

Сауытты оң жақ қолыңа ал,
Сауытта жұмақ сүи бар!
(Әйтеуір азап тоқаталад),
Не тамұқтың уы бар!"